

## Ой қозғау

Тақырыпқа шығу:

Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты,  
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.  
Жер кетті, дін нашарлап, хал арам боп,  
Қарағым, енді жату жарамас-ты.

*Міржақып Дулатұлы. «Оян, қазақ!»*

1. Өлең жолдары кімге арналған?
2. Автор бұл өлең жолдары арқылы нені насихаттайды?
3. Неліктен өлеңге «Оян, қазақ!» деп ат қойылған?



**Бүгінгі сабақтың тақырыбы:**  
**§8-9. ХХ ғасырдың басындағы қазақ**  
**зиялыларының көрнекті өкілдері**



"Артық ғылым кітапта,  
Ерінбей оқып көруге"

*Абай Құнанбаев*

**КІТАП ОҚЫҢЫЗ!**



**Қазақстан тарихынан**  
**§ 8-9 параграфты 43-52 беттерді мұқият**  
**ОҚЫП ШЫҚ.**



## Мұқият оқып шық !!!

*Зерттеу сұрағы:* Қазақ зиялылары ұлттық мүдделерді қалай қорғады?

Бүгінгі сабағымызда қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін қарастырамыз. Қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасына талдау жасап, қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға береміз. Әлихан Бөкейханның саяси көшбасшылық қызметіне тоқталамыз.

Тірек сөздер:

Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Зиялы	Интеллигенция	Intelligence
Реакция	Реакция	Reaction
Қаражүздіктер	Черносотенец	Black hundred

# МУҚИЯТ ОҚЫП ШЫҚТА. ТАЛДА



## ДӘПТЕРІНЕ ЖАЗЫП АЛ !!!

- ❑ 1907 жылы қазақтар сайлау құқығынан айырылды. Қазақстанда шерулер, митингілер және жиналыстар өткізуге тыйым салынды.
- ❑ Алаш зиялылары қазақ даласына оқу-білім таратуды көздеді. Олар әдеби кештер өткізіп, жиналған қаржыны қазақ студенттеріне көмекке, ана тілінде кітаптар мен оқулықтар шығаруға жұмсады.
- ❑ 1900-1917 жылдары қазақ тілінде 400-ге жуық кітап басылды. Кітаптар Санкт-Петербург, Қазан, Орынбор, Уфа, Троицк, Орал, Астрахан, Верный, Ташкент қалаларындағы баспаналарда араб әріпмен шығып тұрды.

# Өмірбаяны



Міржақып Дулатұлы (1885—1935) — қазақтың аса көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы, жалынды көсемсөз шебері. Туған жері — Торғай уезінің, Сарықопа облысының бірінші ауылы (қазіргі Қостанай облысының Жанкелді ауданына қарасты "Қызбел" ауылы).



ДӘПТЕРІНЕ  
ЖАЗЫП АЛ !!!

М.Дулатовтың еңбектері

- ❑ 1909 жылы «Оян, қазақ!»
- ❑ 1910 жылы «Бақытсыз Жамал»
- ❑ 1913 жылы «Азамат»
- ❑ 1915 жылы «Терме»



## ДӘПТЕРІНЕ ЖАЗЫП АЛ !!!

№1 тапсырма.

Жылдарға анықтама  
береді.

- 1879-1937 жж ...
- 1900 жылы ... ..
- 1906 жылы ... ..
- 1907 жылы ... ..



*Көрнекті қоғам және  
мемлекет қайраткері,  
тарихшы-ғалым, қазақтың  
тұңғыш темір жол  
қатынастарының инженері  
Мұхамеджан Тынышбаевтың  
туғанына 140 жыл*

**1879-1937**

ДӘПТЕРІНЕ ЖАЗЫП АЛ !!!

## МУХАМЕДЖАН СЕРАЛИН



- **1911-1915** жылдары Троицк қаласында қазақтың алғашқы АЙҚАП журналы шығып тұрды. Оның редакторы М.Сералин




- ҚОШМҰХАМБЕТ ДҮЙСЕБАЙҰЛЫ  
КЕМЕҢГЕРОВ(15.7.1896, БҰРЫНҒЫ  
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ОМБЫ УЕЗИ  
БЕКЕ БОЛЫСЫ ҚАРАЖАС АУЫЛЫ –  
21.11.1937, ОМБЫ ҚАЛАСЫ) – АЛАШ  
ҚАЙРАТКЕРІ, ҒАЛЫМ, ДРАМАТУРГ,  
ЖАЗУШЫ, ЖУРНАЛИСТ. БІЛІМ  
МЕН БІЛІККЕ ҰМТЫЛҒАН ҚОШКЕ  
КЕМЕҢГЕРҰЛЫНЫҢ ТАҒДЫР-  
ТАЛАЙЫ ЗИЯЛЫЛАРЫМЫЗДЫҢ  
ЖАРҚЫН ҒҰМЫРЫМЕН ҚАТ-  
ҚАБАТ БАЙЛАНЫСЫП ЖАТЫР.



**ДӘПТЕРІНЕ ЖАЗЫП АЛ !!!**

1914 жылдан 1918 жылға дейінгі аралықта Омбы қаласында қазақтың «Бірлік» атты мәдени-ағарту ұйымы жұмыс істеді. Оның жұмысына ақын, жазушы, ағартушы әрі драматург Қошке Кемеңгеров белсене қатысты. Бұл ұйымның органы қолжазба күйінде шығып тұрған «*Балапан*» журналы болды.

## ЖҮСПБЕК АЙМАУЫТОВ



(1889-1931)

- Қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданы Қызылтау ауылы
- Жазушы, драматург, аудармашы, зерттеуші, публицист.
- Павлодарда орысша-қазақша екі кластық мектепті, Семей оқытушылар семинариясын бітірген.

**ДӘПТЕРІНЕ ЖАЗЫП АЛ !!!**



Алаш қозғалысын жақтайтын қазақ жастарының ұйымдастыруымен 1918 жылдың ақпан-қазан айларында Семейде «Абай» журналы шығып, 11-нөмірі жарық көрген соң жабылып қалды. Журналды шығаруды қолға алған тұңғыш редакторы Ж. Аймауытов болды.



# Өмірбаяны



Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан (05.03.1866 жыл, Қарқаралы уезі, Семей облысы, Дала Өлкесі -27.09.1937 жыл, Мәскеу) — ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғ. басындағы қазақ зиялыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы аса ерекше тұлға. Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы.



ДӘПТЕРІНЕ  
ЖАЗЫП АЛ !!!

№2 тапсырма.  
Жылдарға анықтама  
береді.

- 1866-1937 жж ... ..
- 1886-1890 жылдары ...
- 1890 жылы ... ..
- 1894 жылы ... ..
- 1897 жылы ... ..
- 1917 жылға ... ..
- 2016 жылы ... ..

## ДӘПТЕРІНЕ ЖАЗЫП АЛ !!!

көптомдық жинағында 1903 жылы Санкт-Петербург қаласында жарық көрді. Тарихи-этнографиялық «Қырғыздар (қазақтар)», «Сұлтан Кенесары Қасымов тарихы жайлы материалдар», «Қарқаралы уезі қырғыздарының (қазақтарының) рулық құрылымы», «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы», «Қырғыздардың (қазақтың) ас беруі жайында» т.б. еңбектері шықты. Ә. Бөкейхан кейінгі ұрпаққа жалпы көлемі 16 томнан тұратын мол ғылыми-публицистикалық мұра қалдырды.

Ә. Бөкейхан туралы қандай кітап оқып, фильм көрдіңдер? Оның қазақ тарихында алатын орнына баға беріңдер.

## Сұраққа ауызша жауап бер !!!



«Біз өзіндік, бірегей ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, бұрынғы дәстүріміздің негізінде қазіргі заманғы озық мәдениет пен әдебиетімізді қалыптастыруымыз қажет. Сонда ғана «қазақ» деген атымызды сақтап қала аламыз». (Ә. Бөкейхан)



1. Үзінді авторы өз отандастарын неге үндеді? 2. Әлихан Бөкейханның идеясының мәні неде еді?



# Тест істе. Жауабын Дәптерге жаз !!!

## Тест тапсырмалары

1. 1900 жылдан 1917 жылға дейін қазақ тілінде жарық көрген кітаптардың саны:
  - А) 700-ден астам
  - Ә) 400-ге жуық
  - Б) 500-ден астам
  - В) 1000-ға жуық
  - Г) 300-ге жуық
2. 1911 жылы «Айқап» журналы алғаш басылып шыққан қала:
  - А) Қазан
  - Ә) Орынбор
  - Б) Уфа
  - В) Троицк
  - Г) Орал
3. 2016 жылы 150 жылдық мерейтойы аталып өтілген тұлға:
  - А) М. Тынышбаев
  - Ә) М. Дулатұлы
  - Б) Ә. Бөкейхан
  - В) М. Сералин
  - Г) А. Байтұрсынұлы